# «RAKHAT FITNESS» СПОРТ КЛУБЫНЫҢ БАЛАЛАР СЕКЦИЯЛАРЫНА БАРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

## 1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

**1.1.** Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
**1.1.1.** «Клуб» – «Орталық жүзу бассейні» ЖШС.
**1.1.2.** «Бала» (көпше т. – балалар) – Клуб белгілеген 3-тен 15 жасқа дейінгі балалардың топтық және жеке бағдарламаларына қатысатын тұлға.
**1.1.3.** «Баланың заңды өкілі» - оның ата-анасы, бала асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар немесе ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен баланың мүдделерін білдіру сеніп тапсырылған адамдар.
**1.1.4.** «Турникеттің арғы жағындағы аумақ» – фойеде орналасқан турникеттерден кейінгі спорттық сабақтарға арналған Клуб аумағы.
**1.1.5.** «Ереже» – Балалар секциясына келу ережесі.
**1.1.6.** «Клуб ережелері» – Клубтың уәкілетті органы бекіткен, Клубқа барудың жалпы ережелері.
**1.1.7.** «Абонемент» - клуб беретін және белгілі бір сабақ түрлеріне қатысуға құқық беретін құжат. Сабаққа бару уақыты мен саны баланың/оның заңды өкілінің Клубқа бару үшін таңдаған бағдарламасына байланысты болады.

## 2. БАЛАЛАР СЕКЦИЯЛАРЫНА БАРУ ЕРЕЖЕСІН ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

**2.1.** Осы Ереже топтық және жеке бағдарламаларға келетін балалардың Клубта болған уақытында қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жаттығулар жасау кезінде жаттықтырушылар мен нұсқаушылар құрамы жұмысына оңтайлы жағдай жасау және балалар мен баланың заңды өкілі үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында әзірленген. Осы Ереже Клубтың балалар спорт секцияларының барлық түрлеріне қолданылады.
**2.2.** Осы Ереже балалардың секцияларға келу кезіндегі қосымша талаптарды белгілейді және Клубтың Жалпы ережесін толықтырады.
**2.3.** Клубтың жалпы ережелері балаларға да қолданылады.

## 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

**3.1.** Секциядағы сабаққа баланың қатысуына рұқсат беру үшін баланың Заңды өкілдері Клубқа мынадай құжаттарды беруі тиіс:
**3.1.1.** Спорт секцияларындағы сабақтарға қатысу үшін қарсы көрсеткіштердің жоқ екендігін растайтын бала денсаулығының жай-күйі туралы медициналық анықтама.
**3.1.2.** Клуб кассасынан сатып алынған абонемент.
**3.1.3.** Баланың жеке басын куәландыратын құжат (Клуб қызметкерінің тексеруі үшін көшірмесі мен түпнұсқасы).
**3.1.4.** Заңды өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат (баланың туу туралы куәлігі, Заңды өкілдің жеке куәлігі, қажет болғанда – сенімхат) Клуб қызметкері тексеру үшін көшірмелері мен түпнұсқалары.
**3.1.5.** Толтырылған анкета (1-қосымша).
**3.2.** Сабақ басталар алдында баланың Заңды өкілі құжаттарды жаттықтырушыға береді.
**3.3.** Сатып алынған абонемент қайтарылмайды.
**3.4.** Абонемент сатып алынған сәттен бастап күшіне енеді және 30 күн бойы әрекет етеді, бұл ретте абонемент баланың заңды өкілінде оның әрекет ету мерзімінде қалады.
**3.5.** Ауыруына байланысты емес себеппен сабақтарға келмеген жағдайда абонементтің қолданылу мерзімі ұзартылмауы тиіс.
**3.6.** Секциядағы сабақтарға ауыруына байланысты келмеген жағдайда балалар дәрігерінен алынған бала денсаулығының жай-күйі туралы анықтама бар болғанда жаттықтырушының абонементтің қолданылу мерзімін аурудың созылуына байланыссыз көп дегенде 3 рет келуге ғана ұзартуға құқығы бар.
**3.7.** Ауырғаннан кейін жаттығуды жалғастыру мақсатында секция басталар алдында балалар дәрігерінен алынған анықтаманы жаттықтырушыға беру қажет.
**3.8.** Абонемент атаулы болып табылады және оны үшінші тұлғаларға беруге рұқсат етілмейді. Абонемент басқа тұлғаға берілгенде, оның күші қандай-да бір өтеусіз жойылады.
**3.9.** Абонемент жоғалғанда баланың/оның Заңды өкілінің оны қайта қалпына келтіруге құқығы бар, бұл ретте абонементті қалпына келтіру қызметінің құны Клубтың бекітілген прейскуранты бойынша төленеді. Нақты қалған және қатыспаған сабақтардың саны ғана қалпына келтіруге жатады.
**3.10.** Баланың Заңды өкілі Клуб мүлкін жоғалтқаны және бүлдіргені үшін Клуб белгілеген мөлшерде материалдық жауапкершілікте болады.

## 4. БАЛАНЫҢ САБАҚҚА ҚАТЫСУЫНА РҰҚСАТ БЕРУ

**4.1.** Клуб аумағында балаларға жаттықтырушының қатысуымен және рұқсатымен ғана турникеттің арғы жағына өтуге рұқсат етіледі.
**4.2.** Сабақ құрылымын бұзуды болдырмау, балалардың жарақаттануын болдырмау үшін (жаттығулар, топтық, жеке бағдарламалар) сабақ басталғаннан кейін 5 минуттан аса кешіккендерге сабаққа кіруге рұқсат етілмейді.
**4.3.** Баланың Клуб фойесінде жаттығу процесі басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін болған уақытында Клуб жаттықтырушысы мен әкімшілігі бала үшін жауапкершілікте болмайды.
**4.4.** Аумақта турникеттің арғы жағында балалардың белгіленген сабақ уақытынан тыс болатын уақыты –15 минуттан аспайды.
**4.5.** Жаттықтыру процестері аяқталғанға дейін және одан кейін баланың заңды өкілдері 5 жасқа дейінгі балаға балалардың шешініп-киінетін жерінде киінуге көмектесе алады. Клуб турникетінің арғы жағына Заңды өкілдер тек жаттықтырушының қатысуымен ғана өте алады.
**4.6.** Сабақтар басталғанға дейін баланың сыртқы киімін Заңды өкілге қалдыруға немесе шкафтарда жеке заттары және киімімен бірге сақтауға қалдыруға болады.
**4.7.** Жеке заттары мен киімдерін қараусыз қалдыруға болмайды.
**4.8.** Баланың бағалы заттарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оларды жаттығу процесі басталар алдында баланың Заңды өкілдеріне қалдыру қажет. Бағалы заттар мен құжаттар үшін Клуб жаттықтырушысы мен әкімшілігі жауапты болмайды.
**4.9.** Жаттығу процесі аяқталғаннан кейін жеке заттар мен киімді шкафтарда қалдыруға қатаң тыйым салынады.
**4.10.** Жоғалған заттар үшін Клуб жаттықтырушы мен әкімшілігі жауапты болмайды. Ұмытылған заттарды алу мәселелері бойынша клубтың тіркеу орнына жүгіну керек. Ұмытылған заттарды сақтау мерзімі Клубтың ішкі ережелерімен реттеледі.

## 5. САБАҚ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

**5.1.** Жаттығу үрдісі мен оның ұзақтығын баланың моральдық, психологиялық және физикалық жағдайына байланысты спортпен реттелетін спорттық әдістерге сәйкес жаттықтырушы айқындайды.
**5.2.** Жаттығу процесі кезінде баланың Заңды өкілінің секциядағы сабақтың аяқталуын күтіп, Клуб фойесінде болуға құқығы бар.
**5.3.** Баланың Заңды өкілінің жаттығулар өткізу кезінде аумақтағы турникеттің арғы жағында болуына қатаң тыйым салынады, өйткені оның қатысуы сабақ жүргізуге кедергі болуы мүмкін. Ашық сабақтар мен клубтық спорттық-бұқаралық шараларды қоспағанда, олар туралы қосымша хабарланады.
**5.4.** Турникеттің арғы жағында және секциялардағы сабақтарда тиісті аяқ киімде (ауысымды спорттық аяқ киім) және тиісті спорттық киімде (гимнастикалық купальник, спорттық костюм) болу қажет. Киім мен аяқ киімнің түрін жаттықтырушыдан нақтылау қажет.
**5.5.** Клуб келесі жағдайларда баланың денсаулығына және жарақат алуына жауапты емес:

- баланың осы Ережені және Клубтың Жалпы ережелерін бұзған жағдайда;
- клуб фойесінде алған жарақаттары үшін;
- клуб аумағынан тыс алған жарақаттары үшін;
- үшінші тұлғалардың әрекеті нәтижесінде алған жарақаттары үшін;
- клуб аумағында баланың өз кінәсінен алған жарақаттары үшін.

**5.6.** Баланың жарақат алуын болдырмау үшін және жаттығу процестері кезінде оның қауіпсіздігі үшін бала денесінде әшекейлердің (сырға, сақина, моншақтар, алқа, сағат және т. б.) болуына қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ сағыз шайнауға, сабаққа дейін бір сағаттан аз уақытта тағам жеуге, аузына бөгде заттар салуға тыйым салынады.
**5.7.** Жаттықтырушы мынадай жағдайларда баланың Заңды өкіліне мәлімдей отырып, баланы секция сабақтарына қатыстырмауға құқылы:

- бала топта тәртіп бұзса;
- бала Клуб мүлкіне залал келтірсе;
- баланың ауырып тұрғаны айқын білінсе: температурасы көтерілсе, денесі бөртсе, жалпы өзін жақсы сезінбесе, басқа да белгілер болса;
- бала Клуб ережесін бұзса.

**5.8.** Клубтың жұмысы туралы және кестелегі өзгерістер жөніндегі нақты және толық ақпарат клубтың www.rakhat-fitness.kz интернет-сайтында және Клубтың әлеуметтік желілердегі парақшаларында берілген.

**Клубтың ережелерімен ТАНЫСТЫМ**

(қолы)________________ (Т.А.Ә.)________________________________________